

Маңғыстау облысының ауылдық елді мекендерінде аса тапшы медициналық мамандықтарды айқындау туралы

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2024 жылғы 1 қарашадағы № 218 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2024 жылғы 5 қарашада № 4745-12 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 27-бабының 1-тармағының 14-8) тармақшасына сәйкес, Маңғыстау облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Маңғыстау облысының ауылдық елді мекендерінде аса тапшы медициналық мамандықтар айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Маңғыстау облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Маңғыстау облысының әкімі

Н. Қилыбай

Маңғыстау облысы әкімдігінің
2024 жылғы 1 қарашадағы
№ 218 қаулысына қосымша

Маңғыстау облысының ауылдық елді мекендерінде аса тапшы медициналық мамандықтар

Ескерту. Қосымшаға өзгерістер енгізілді - Маңғыстау облысы әкімдігінің 11.09.2025 № 196 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

№	Аса тапшы медициналық мамандықтар атауы
1	Жалпы дәрігерлік практика
2	Отбасы медицинасы
3	Клиникалық зертханалық диагностика
4	Терапия
5	Акушерия және гинекология (ересектер, балалар)
6	Педиатрия
7	Анестезиология және реаниматология (ересектер, балалар)
8	Психиатрия (ересектер, балалар)
9	Неврология (ересектер, балалар)
10	Офтальмология (ересектер, балалар)
11	Кардиология (ересектер, балалар)
12	Физикалық медицина және оңалту (ересектер, балалар)
13	Неонатология

14	Инфекциялық аурулар (ересектер, балалар)
15	Онкология (ересектер)
16	Балалар онкологиясы және гематологиясы
17	Фтизиатрия (ересектер, балалар)
18	Клиникалық фармакология
19	Оториноларингология (ересектер, балалар)
20	Травматология-ортопедия (ересектер, балалар)
21	Эндокринология (ересектер, балалар)
22	Радиология
23	Жалпы хирургия
24	Балалар хирургиясы
25	Фармация
26	Гигиена-эпидемиология
27	Стоматология
28	Балалар жасындағы стоматология

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК